

Қ.ЕРАЛИН
Ж.БАЙДАУЛЕТОВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ТЕРМИНДЕРІН ҚОЛДАНУДАҒЫ
ӘРТҮРЛІЛІКТЕРДІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРИ

В статье раскрывается содержание некоторых терминов изобразительного искусства на казахском языке как средство общения педагога со студентами а также анализируются вопросы упорядочения и унификации некоторых терминов. Определяются принципы создания новых терминов на базе определенного языка.

Bu makalede, tasvir sanatı alanında kullanılan Kazak Dilindeki bazı terimlerin anımları verilmekte olup, bunların ortak kullanım adları ile yeni terimleri oluşturma prensipleri teklif edilmektedir.

Өнер түндylарын тануда, терминдерді қолданудың орны ерекше. Бұл әсіресе жастар тәрбиесіндегі қарым-қатынас құралы ретінде танылады. Бейнелеу өнері терминдерін оқушылардың менгеруі оларға эстетикалық тәрбие беру ісінде, таным қабілетін дамытуда, теориялық білімдерді менгеру мен бейнелеу дағдыларын қалыптастыруды аса маңызды рол атқарады. Соңғы жылдардағы бейнелеу өнері тарихы мен бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі мәселелері бойынша баспадан шыққан әдістемелік иұсқаулар мен оку бағдарламаларына, кітаптарға, журналдар мен газеттерде қолданылған бейнелеу өнерінің терминдеріне талдау жасадық. Талдау қорытындысында, бейнелеу өнері терминдерін қолданылуында әртүрлілік байқалды. Толығырақ айтсақ, орыс тіліндегі бір терминнің орнына қазақ тіліндегі бірнеше терминдердің қолданылатындығы анықталды. Бұл жағдай бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясында бірізділік жоқ екендігін, қолданыста әртүрліліктің орын алғандығын көрсетті. Бұл жағдай тәжірибе мен оқыту үдерісінде термин мағынасын жансақ түсінуге әкеліп соғады, оқыту процесіне белгілі дәрежеде қындық тұгызады. Мектептегі бейнелеу өнерінің сабагын өткізуге байланысты қазақ тіліндегі әдебиеттер терминдерін орыс тілінен аударма жасалған әдебиеттерден, әдістемелік журналдар мен газеттерден алып қолданылатыны анықталды.

Бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясында бірізділік жоқ екендігін, қолданыста әртүрліліктің орын алғандығының ең алдымен өнерге байланысты терминдерге қатысы бар. Осы орайда тіл зерттеуші, түрколог, академик И. Кеңесбаев "Тілдің сөз байлығынан дәл сөйлеу сөз тұрпатымен барабар сематикасына келіп ойысады" - деген. Міне осылардың баршасы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің ғана емес, барлық пән мұғалімдерінің алдына ерекше талап қояды. Сондықтан бейнелеу өнерін оқыту барысында терминдердің мағынасын оқушыларға түсіндіру бейнелеу өнері пәнін оқыту сапасын арттыра түседі. Терминдерді қолданудағы әр түрлілікті жою, болдырмау мақсатын көздейді. Бұл әртүрлілік тек қана

Қ.Ералин, Ж.Байдаяулетов. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнері...

бейнелеу өнері төңірегінде емес, жалпы өнер саласында бар екенін байқауга болады.

Академик жазушы Г.Мұсірепов "Біраздан бері жалпы мағынасында искусство дегенді өнер деп атап келеміз. Ана тілінде сақина, білезік соғуды да өнер дейміз. Тұындысы өнерші искусствоны басқа өнерлерден айырып көркеменерге кіретін болсын, көркем әдебиет деген сияқты көркем өнердің де өзінің асыл тегін білдіретін, көрсетіп тұратын атауы болған дұрыс шыгар», – дейді. Шын мәнінде бұл өте орынды ой. Сақина, білезік соғу, арба мен шана істеу өнері дегендердің орнына «қолөнер» деп айтқан орынды болар еді. Осындағы терминдердің мағынасының өзгеруі бейнелеу өнері саласында көптеп кездеседі. Күнделікті тәжірибеде қолданатын «бейнелеу өнері» деген сөздің орнына терминологиялық комитет («рисунок» деген сөзді гана) сурет деп қолдануды бекіткен. Осыған қарамастан «репродукция», «графика», «картина» терминдерінің ішкі мағынасына көніл бөліндейді. Сондай-ақ белгілі жазықтық бетіндегі нұсқаның көрінісінің бәрін сурет деп атایмыз.

Шын мәнінде бейнелеу өнері орындалу мүмкіндіктеріне байланысты, «кескіндеме», «графика», «мүсін», «сәндік өнер» болып бірнеше түрге бөлінеді. Осылардың жиынтығын "бейнелеу өнері" деп, кескіндеме, графика, мүсін және сәндік өнер тұындыларын бейнелеу өнерінің түрлері деп атаған жон.

Қазақ тіліндегі баспасөз беттеріндегі бейнелеу өнері пәннің кейір терминдерінің қолданылуы мен аударылуында әртүрлілік орын алуда. Мәселен, бейнелеу өнері сабактарының бір түрінің атауы «рисование с натурой» деп аталады. Бұл сөз тіркесі «затка қарап отырып сурет салу» болып, «натурастың қарап сурет салу» болып, «нэрсенің өзіне қарап» (натура бойынша) сурет салу және «нұсқауға қарап сурет салу» болып әр түрлі аударылған. Осы термин сөздер бір кітапша ішінде «натура бойынша сурет салғанда» және «нэрсенің өзіне қарап отырып салу» болып екі түрлі қолданылған. Бұл сөйлем бастауыш мектеп бағдарламасында «затка қарап сурет салу» болып аударылған. Ал кейде практикада мұғалімдер «тулғага қарап сурет салу» деп қолданады. Сабак барысында «натура» деген термин бейнеленетін нысанды білдіреді. Ал «изображение» - «бейне» яғни, нұсқаның қағаз бетіндегі көрінісі. Негізінде «натураны» оқытудың мақсат, міндеттеріне сай «нұсқа» деп аудару орынды. Затқа немесе нэрсеге қарап сурет салу деген сөз жансыз нысанға қатысты айтылады да, тұлға жанды нысанға қатысты айтылады. Біз сабакта жанды заттармен қатар жансыз заттарды да бейнелейміз. Осы сөз аудармалардың ішінен «нұсқа» деген сөзді жанды объектіні бейнелеуге байланысты да, жансыз нысанды бейнелеуге байланысты да қолдануға болады. Сондықтан бейнелеу өнері сабактарының ішінде мұндай сабакты «нұсқаға қарап сурет салу» деп атау орынды.

Көркем үйірмелер өткізу жөніндегі мектептен тыс мекемелерге жалпы білім беретін мектептерге арналған бағдарламалар жинағында «длительный рисунок» деген сөз тіркесі кездеседі. Бұл сөздер де әр түрлі аударылған.

Мысалы: «суретті ұзақ салу», «созылыңғы сурет», «созылмалы сурет», «ұзақ отырып сурет салу» деп әртүрлі қолданылған. Бұл аудармалардың мағынасы «длительный рисунок» деген сөздің мағынасымен сәйкес келмейді. «Длительный рисунок» деген сөз ұзақ уақыт отырып салынатын сурет деген мағынаны білдіреді. Сондықтан бұл сөзді «ұзақ салынатын сурет» деп мағынасына сәйкес қолданыс жасау қажет.

Сондай-ақ «декоративно-прикладное искусство» деген терминнің баламасы «сәндік қолданбалы өнер» деп аталып та, жазылып та жур. «Декоративное» деген терминге «сәндік» деп қазақ тілінде орынды балама жасалған. Ал «Декоративное искусство» термині кейде «қолданбалы өнер», «қосалқы өнер», «безендеру өнері» деп те қолданылады. Сондықтан мұндай әртүрліліктерді болдырмау үшін бұл өнер түрін «сәндік өнер» деп алу қажеттігі туындаиды.

«Изображение» мен «образ» деген терминдердің қазақ тіліндегі қолданылуында бір-бірімен көп шатастырылып жаңсақтыққа орын беріледі. Мысалы: Абай бейнесі, Шекерім бейнесі т.б. Шын мәніндегі «изображение» дегеніміз нұсқаның қағаз бетіндегі көрінісі. Ал «образ» дегеніміз белгілі кейіпкердің әдебиеттегі немесе бейнелеу өнеріндегі көркем бейнесі. Жалпы бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясы бойынша мұндай мысалдарды көтеп келтіруге болады.

Термин дегеніміз белгілі бір ұғымды білдіретін сөз. Қазіргі кезге дейін бейнелеу өнері бойынша белгілі бір ұғымды білдіретін, бірақ терминологиялық жүйеге кірмеген іс жүзінде қолданылып жүрген терминдер көп. Қазактың әдеби тілі өте бай, сөз қоры көп, бір сөздің бірнеше баламалары болуы мүмкін. Бірақ бұл баламалардың бәрі белгілі бір ұғымды білдіретін термин бола алмайды. Сондықтан осылардың ішінен біреуін ғана термин ретінде таңдал алу қажет. Яғни бір сөзben балама табу керек. Мысалы: «компоновка» терминің мағынасы, нұсқа көрінісін қағаз бетіне дұрыс орналастыру деген мағынаны білдіреді. Бұл мағынаны қысқаша «орналастыру» деп термин ретінде алатын болсақ бұл компоновка ұғымының мәнін ашып көрсете алмайды. Сондықтан термин жасаудың ұстанымдарына сай «компоновка» терминің түпнұсқасына сай қазақ тілінде де «компоновка» деп қалдыру орынды. Барлық терминді қатарынан аудара беру міндет емес.

Көптеген термин сөздерді мағынасына қарай бейнелеу өнері шығармаларының композициялық құрылышын талдау түсіндіруде қолданады. Кейбір әдебиеттерде кездесетін «передний план», «средний план», « дальний план» деген сөздер орыс тіліндегі әдебиеттерден қазақ тіліне әртүрлі аударылған. «Ірі планда», «бірінші планда», «алдыңғы планда» «екінші планда», «үшінші планда», «ортанғы жоспарда» «ірі жоспарда», «орта жоспарда», «арттағы жоспарда» деп әр түрлі аударма жасалған. Сөз тіркестерінің бұлай аударылуы сөздердің ішкі мағынасын, өнертаннымдық мәнін толық ашпайды. Сондықтан бұл сөздерді мағынасы жағынан

Қ.Ералин, Ж.Байдаулетов. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнері...

композиция заңдылығына сәйкес келетін «алдыңғы көрініс», «орталық көрініс», «ұзактағы көрініс» деп алу орынды.

Бейнелеу өнерінің орыс тіліндегі әдебиеттерінде живопись (кескінде) шығармаларына байланысты «живописное письмо» деген сөз қолданылады. Осы письма (жазу) деп аталатын сөзді қазақ тілінде «салу» деген мағынада қолданамыз. Кейбір жағдайда бұл сөз «бояу» деген мағынада аударылған. Мысалы: «Сурет салуға, сыйзуға үйрету» деген кітапта «акварельмен жазу» деп аударудың орнына, «акварельмен жаққан бояу», «акварельмен бояу» деп қолданылған. Шын мәнінде живопись деген сөз «тіршілік» және «жазу» деген ұғымды береді. Біз живопись жұмысын орындағанда шығармашылық және логикалық бағытта ойлануымыз қажет. Сондықтан «салу» дегенге қараганда живопистік жұмыстарды «жазу» деп атау орынды. Мысалы: «живопись жұмыстарын жазу үшін, живопистік сауат керек», т.б. Егер мәселе живописке қатысты болса «жазу жұмыстары» деп аталуы тиіс. Сондықтан да «салу деген» сөзді тек қана графикалық жұмыстарды орындауга байланысты қолдану қажет.

Бейнелеу өнеріндегі «анттичное искусство» термині қазақ тіліне «көне өнер», «ежелгі дүние өнері» болып аударылып, кейде тәжірибеде «анттикалық өнер» деп қолданылып жүр. Бұлардың ішінде «Ежелгі дүние өнері» деген аудармасын алу орынды. Себебі ежелгі дүние тарихы деген ұғым бізге бұрыннан, яғни тарих сабагынан да таныс. Осы сияқты «Построение» деген сөз тәжірибеде термин ретінде жиі қолданылады, бірақ мұны аударуға мүмкіндік болса да аудармай сол күйінде алыш жүрміз. Шын мәнінде бұл нұсқа көрінісін қағаз бетіндегі бейнесінің күрілісін салу деген ұғымды білдіреді. Сондықтан мұны «құрастыру» деп алған орынды.

Қазақ тіліндегі бейнелеу өнері әдебиеттерінің ішінде белгілі терминнің екі тілдегі бірдей атауы қатар қолданылады. Бірінші қазақ тіліндегі атауы, оナン соң жақша ішіндегі орыспша атауы немесе осыған керісінше бірінші орыс тілінде атауы, мұнан соң жақша ішіндегі қазақша атауы беріледі. Мысалы: кескінде (живопись) немесе живопись (кескінде), скульптура (мүсін) немесе мүсін (скульптура), сәулет өнері (архитектура) немесе архитектура (сәулет өнері) т.б. болып беріледі. Мұндай формада терминдердің мәтіндер ішінде берілуі, олардың қолданысында әлі де тұрақтылығы жоқ екендігін білдіреді.

Көптеген терминдердің қазақ тіліндегі баламалары анықталмай келеді. Бұл құбылыстың сәндік өнер терминдеріне қатысы бар. Көптеген терминдерді қазақ тіліне аударып қолдануға мүмкіндік болса да бұл мүмкіндік іске аспай келеді. Мысалы: «горельеф», «барельеф», «рельеф» деген терминдерді қазақ тіліне жаңа терминдер ретінде толық аударуға мүмкіндік табылады.

Кейбір бейнелеу өнері шығармаларының атауы орыс тіліндегі мағынасына сай аударма жасау мүмкіндіктері болса да сол нұсқасы тұра сөзбе-сөз алышып жүр. Дұрысында бұл сөзді мағынасына сай аударма жасау қажет. Мысалы: «Булыжник оружие пролетариата», «Қара тас пролетариат

қаруы», «Мамаев курган» - «Мамаев қорғаны», «Родина - мать зовет» - «Отан ана шақырады» т.б. құсқаларында аударып қолдану ұтымды.

Көптеген қындық жағдайлар бейнелеу өнерін оқыту бағытында көптеп кездеседі. Оларды төмендегідей бағыттарға бөлуге болады. Қазіргі кезде бейнелеу өнерін оқытуға арналған әдістемелік құралдар аз. Бұл оку үдерісінде елеулі кемшиліктер кедергі жасайды. Бейнелеу өнерін оқыту үдерісінде, әдістемесінде терминдерді оқытудың белгілі анықталған жүйесі қалыптаспаған.

Оқыту бағдарламасында негізінен тақырыптар оқытудың мақсаты мен міндеттері берілген. Жиі қолданылатын кейбір терминдердің өзі толық мағынасын білдірмейді, терминнің қандай ұтымды білдіретіндігін айтып жеткізуге қындық туғызады. Бұл деректерден мынадай қорытынды шығаруға болады: сурет маманы емес аудармашыларының жасаған аудармаларында терминнің ішкі формасын сактау ұстанымы бұзылған; белгілі бір ұтымда бірнеше атаулар қолданылады; бейнелеу өнері терминдерінің қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігі жоқ болу себепті терминдерді қолдануда әртүрлілік пайда болған; синонимдік терминдері оқыту тәжірибеде көп жансақтық туғызады; қазақ тіліндегі бейнелеу өнері терминдері әлі де болса бірізділік жоқ.

Жалпы терминдерді ретке келтіру мектеп көлемінде де шешілген жоқ. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы көркем сурет факультеттерінде, педагогикалық оқу процесінде орыс тіліндегі термин сөздерді пайдаланады. Студенттердің сөздік қоры орыс тіліндегі терминдермен толығады. Соңдықтан қазақ мектептерінде сабак беруге келген жас мамандардың оқушыларға термин сөздерді түсіндіру үшін өзінше аударып қолдануына тұра келеді. Осыдан көліп әр мұғалімнің аудармасы әртүрлі болып шығады. Осы сияқты жоғарғы оқу орнында оқытушы студентке әрқайсысы өз терминдерін қолдануы арқылы олардың сөз қорының ретсіздігін көбейтеді, әртүрлілігін арттырады.

Бейнелеу өнерін оқыту саласындағы адамдардың саны өскен сайын қазақ тіліндегі терминдердің әртүрлілігі көбейіп келеді. Соңдықтан қазіргі кездегі бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі терминологиясының ең көкейкесті мәселелері мыналар болып анықталады: бейнелеу өнері терминдерін шет тілінен қазақ тіліне аудару ұстанымдарын айқындау; бейнелеу өнері жана терминдерінің жасалу ұстанымдарын анықтау; бейнелеу өнерінің қазақ тіліндегі түсіндірме сөздігін жасау; бейнелеу өнері терминдерін оқытудың бағдарламасын жасап, әдістерін айқындау болып табылады.

Қорыта айтқанда, қазақ бейнелеу өнерің терминдерінің қолданысындағы әртүрлілікті жою мен ретке келтірудің бұл ұсынылып отырған жобасы, басқа да түрік дүниесі елдерінің мәдениетінің дамуына өзіндік ықпалы болатындығы айқын.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Искусство Казахстана. Ежегодник. Алматы: Өнер, 1980.
2. Қазақстан өнері. Жылнама. Алматы: Өнер, 1984.

Қ.Ералин, Ж.Байдайлетов. Қазақ тіліндегі бейнелеу өнері...

3. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977.
4. Мұқанов К. Жүннен жасалатын бүйімдар. Алматы: Қайнар, 1990.
5. Аманжолұлы Қасым. Дарига сол қызы. Алматы: Атамұра, 2002.
6. Айбергенов Төлеген. Бір тойым бар. Алматы: Атамұра, 2003.
7. Ергалиева Р.А., Труспекова Х.Х., Каргабекова Р.И. и др. Мастера изобразительного искусства Казахстана. 3-й выпуск. Алматы, 2004.
8. Tahsin Parlak. Дәстүрлі қазақ қалы өнері және ТІКА-Арал аймағы қалы току өнерін дамыту жобасы. Ankara, 2002.
9. Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері». Алматы: Қазақстан, 1995.
10. Кишикбаева Т.А. История искусства Казахстана.
11. Қазақ өнері энциклопедиясы. Алматы, 2002.
12. Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Рауан, 1994.
13. Ералин Қ., Айменов Ж. Сөндік қолданбалы өнер. Түркістан, 2005.
14. Ұбыраев М., Әуесбаева П. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: Фылым, 2001.

REZUME

K.ERALIN, J.BAYDAULETOV (Turkistan) TO DELETE THE DIFFERENCES OF USING ART DESCRIPTION TERMS IN KAZAKH LANGUAGE

The article reveals the contents of some of the terms of fine art in the Kazakh language as a means of communicating with students and teachers also examines issues uporyadotcheniya and unification of certain terms. Determined by the principles of the creation of new terms on the basis of a language.